

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ:
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

POULTRY FARMING IN KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND SOLUTIONS

ПТИЦЕВОДСТВО КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

С. КОЖАБАЕВА *

Э.Ф.К.

Ә. БАҚТЫМБЕТ

Э.Ф.К., доцент

¹*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

**автордың электрондық поштасы: s_kozhabayeva@kuef.kz*

S. KOZHABAYEVA*

C.E.Sc.

A. БАКТҮМБЕТ

C.E.Sc, Associate Professor

¹*Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**corresponding author e-mail: s_kozhabayeva@kuef.kz*

С. КОЖАБАЕВА *

К.Э.Н.

А. БАҚТЫМБЕТ

К.Э.Н., доцент

¹*Казахский университет экономики, финансов и международной торговли,
Нур-Султан, Казахстан*

**электронная почта автора: s_kozhabayeva@kuef.kz;*

Аңдатпа. Қазақстанның құс шаруашылығы саласын экономикалық-статистикалық талдау нәтижелері ұсынылған. 2010-2019 жылдар аралығындағы Қазақстанның жетекші өңірлеріндегі оның жай-күйі мен дамуына динамикада бағалау жүргізілген. Республикадағы құс шаруашылығының тиімділігін ынталандыратын негізгі факторлар анықталған. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін бірқатар проблемалар атап өтілген, бұл осы сектордың импортқа тәуелділігінің қазіргі жай-күйін ескеру үшін ерекше маңызды болады. Құс өнімдерін өндіру көлемінің кеңеюі құс етіне деген ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыратыны, осылайша құс шаруашылығы қосалқы кешенінің бірқатар өнімдері бойынша импорттық тәуелділікті төмендететіні көрсетілген. Аймақтар бойынша құс санының азаюының себептері негізделген. Құс шаруашылығының дамуына тежеуші факторлардың әсерін азайту бойынша шаралар әзірленген. Мақалада талдау нәтижесінде анықталған мәселелерді шешу бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытындылар жасалған, оның ішінде жемшөп базасын жақсарту, техника мен арнайы жабдықты сатып алуға, ет және жұмыртқа бағытындағы шаруашылықтардың модульдік өндірістік конструкцияларын салуға, құс шаруашылығы кәсіпорындарының инвестициялық қызметін жеңілдікпен субсидиялауға байланысты қаржылық шығындардың бір бөлігін (30%) өтеу бойынша ұсынымдар, сондай-ақ мемлекеттік резервте және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қауымдастығында азықтық астықтың тұрақтандыру қорларын қалыптастыру, жоғары өнімді құс кросстарын пайдалану қажеттілігі, құс шаруашылығының меншікті асыл тұқымдық базасын дамыту, азықпен қамтамасыз етуді жақсарту, ресурс үнемдеуші энергияны қажетсінетін технологияларды енгізу, саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыстар берілген.

Abstract. The article presents the results of economic and statistical analysis of poultry industry in Kazakhstan. The assessment of its condition and development in the leading regions of Kazakhstan for the period from 2010 to 2019 was done in dynamics. The fundamental factors motivating the efficiency of poultry farming in the republic have been determined. A number of problems are highlighted, the early solution of which will contribute to ensuring the country's food security, which is especially important, taking into account the current state of import dependence in this sector. It is

сын дамытуға ынталандыратын және ықпал ететін барлық факторларға ие бола отырып, осы саланы дамытуға байланысты проблемаларды мұқият зерделеу, оның ішінде кешенді талдау жүргізу, қазіргі проблемаларды анықтау, сондай-ақ саланы одан әрі табысты дамыту модельдерін айқындау өте маңызды [4].

Мұндай қажеттілік құс шаруашылығы сияқты қосалқы саланың өнімдері елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратындығына байланысты туындайды [5]. Алайда, соңғы жылдары біздің елімізде ауыл шаруашылығының дағдарыстық жағдайына және соның салдарынан импорттық тәуелділікке байланысты құстар санының азаюы байқалды, бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігінің жалпы жағдайына теріс әсер етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Бұл мәселені Д.М. Кейнс, П. Самуэльсон, М.Л. Лурье және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде зерттеді. ТМД кеңістігіндегі зерттеушілер арасында аграрлық мәселелерді зерттеумен И.И. Кочиш, Н.А. Попов, Pershukevich М. және т.б. Попов Н.А. ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін атап өтті, сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы жүйесіндегі ауыл шаруашылық кәсіпорындарының шаруашылық қызметін талдады [6]. Ламакин А.И. агроөнеркәсіптік кешеннің ресурстық әлеуетін зерттеді, агроөнеркәсіптік кешеннің қажеттіліктерін және агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың өндірістік және ғылыми-техникалық жағдайларын қанағаттандыра алатын инфрақұрылымның өзара байланысын анықтады [7]. Біздің мақалада біз жалпы ғылыми талдау әдістерінің кең спектрінен әдістер жиынтығын қолдандық. Ауыл шаруашылығын талдау негізінде біз барлық ауыл шаруашылық процестері бір-біріне тәуелді және шартталған деп болжайтын диалектикалық әдісті қолдандық.

Ауыл шаруашылық ғылымы ауыл шаруашылық өнімдерінің өнімділігін арттыруға қабілетті диалектикалық әдіске сүйене отырып, бақылау мен эксперименттер басқа да ерекше әдістері (экономикалық-математикалық, экономикалық-статистикалық) арқылы да жүзеге асырылады. Жүргізілген экономикалық зерттеулердің көздері ауыл шаруашылығы саласының дамуы туралы статистикалық деректер, арнайы ғылыми отандық және шетелдік әдебиеттер болды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Әлемдік маңызы бар астық нарықтарында Қазақстан Республикасының бірқатар батыс өңірлерінде егілетін және өсірілетін қатты сортты бидай сұраныстың жоғары деңгейін пайдаланады [8]. Өсімдік шаруашылығының тиімді дамуы республикаға халықтың азық-түлік өнімдеріне деген ішкі қажеттіліктерін толтыратын дәстүрлі мал шаруашылығы саласын, ал жеңіл өнеркәсіпті-қажетті шикізатпен дамытуға мүмкіндік береді. Шошқа шаруашылығының кіші саласы мен сүтті мал шаруашылығы республиканың солтүстігінде дамып келеді, оңтүстігінде жылқы, түйе, етті мал және қой шаруашылығын дамыту үшін барлық жағдай жасалған [9]. Құс шаруашылығы республиканың өңірлері бойынша біркелкі бөлінуге жатады, өйткені өңірлердің табиғи-климаттық жағдайлары мен қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктері бұған ықпал етеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде құс шаруашылығы өте маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, құс шаруашылығы саласы өнімділікті арттыруға және құстардың асыл тұқымдық қасиеттерін күшейтуге, азықтандыру мәселелерінде тепе-теңдікке бағытталған селекциялық жұмыстардың деңгейіне байланысты. Құс шаруашылығы саласының 2010-2019 жылдар аралығындағы даму серпінін 1 суреттен көруге болады.



Ескерту – Көрсеткіштер негізінде құрастырған автор [10]

1 сурет – Жыл соңындағы құс саны, млн бас

2019 жылы құстардың саны айтарлықтай өсті, бірақ өсім барлық аймақтарда біркелкі болмады. Республиканың он облысы құс өндірісінің санын азайтты. Ал төрт облыс, керісінше, құс санының өсуін көрсетті.

Құстардың азаюы ауыл шаруашылық дағдарысының нәтижесінде пайда болды, бұл біртіндеп құс шаруашылығын импортқа тәуелділікке алып келеді. Ал бұл, өз кезегінде, тұтастай алғанда республиканың азық-түлік қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша құс шаруашылығы саласын дамытуға қатысу дәрежесі бойынша Алматы облысы, Ақмола облысы, Солтүстік Қазақстан облысы көш бастап тұр. Маңғыстау және Атырау облыстары құс өсіру бойынша қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар себебінен республиканың құс шаруашылығын дамытуға қатысудың ең аз үлесін қалыптастырады.



Ескерту – Көрсеткіштер негізінде құрастырған автор [қараңыз10]

2 сурет – 2019 ж. Қазақстандағы құс басының өзгеруіндегі айырмашылық, мың бас


2019 жылдың 1 қарашасында құстардың саны 47 850 мың басқа дейін өсті, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 468 мың басқа көп (2 суретті қараңыз). Қараша айында Қазақстанда құс басының саны 47 521 мың басқа теңдей бастады, яғни 329 мың басқа азайды, яғни 0,7% айырмашылығы бар. 2020 жылғы 1 қаңтарға қарай құстардың саны 2 323 мың басқа, атап айтқанда 47 521 мың бастың көрсеткішінен 45 197 мың басқа дейін төмендеді, яғни айырмашылық 4,9%. Жалпы, 2019 жылы елімізде құс басының саны 891 мың басқа, атап айтқанда 44305 мың бастан 45197 мың басқа дейін өсті, яғни айырмашылық 2%-ды құрады.

Егер облыстар бөлінісінде талдайтын болсақ (3 суретті қараңыз), онда Алматы облысында 2019 жылғы желтоқсан айында құстар санының 11 200 мың бастан 10 311 мың басқа дейін ең көп төмендеуі байқалды, яғни айырмашылық 889 мың басты құрады, Солтүстік Қазақстан облысында 5 382 мың бастан 4 614 мың басқа дейін, яғни 767 мың басқа қысқарды, Қостанай облысында құс басының қысқаруы 4 714 мың бастан 4 266 мың басқа дейін болды, айырмашылық Шығыс Қазақстан облы-

сында 447 мың басты құстардың саны 4 189 мыңнан 3 875 мыңға дейін азайды, яғни айырмашылық 314 мың басқа тең. Басқа алты облыста құстардың саны 300 мыңнан аспай азайды. Бірақ құстардың саны азайып қана қоймай, республиканың екі облысында құстардың саны артты. Мысалы, Түркістан облысында құстардың саны 1 907 мыңнан 2 178 мың басқа дейін, бұл 270 мың басқа өсті. Ақмола облысында құстардың саны 7 954 мың бастан 8 078 мың басқа дейін өсті, айырмашылық 124 мың басты құрады.

Жалпы, 2019 жылы Ақмола облысында құс саны 528 мың басқа, Түркістан облысында 130 мың басқа өсті. 2019 жылы құстар санының ең көп қысқаруы Қостанай облысында болды, 4 422 мың бастан 4 266 мың басқа дейін, айырмашылық 156 мың басты құрады, сондай-ақ Алматы облысында 2019 жылы құс басы 10 426 мың бастан 10 311 мың басқа дейін қысқарды, айырмашылық 115 мың басты құрады.

Жалпы өсу үрдісіне қарамастан, құс шаруашылығының отандық өндірушісі ресейлік өндірушімен салыстырғанда да жоғары бәсекеге қабілетті емес.



Ескерту – Көрсеткіштер негізінде құрастырған автор [қараңыз 10]

3 сурет – 2019 ж. Қазақстан облыстары бөлінісінде құстар санының динамикасы, мың бас

Құс шаруашылығы саласында бүгінгі күні өнімнің тиімділігі де, оның қауіпсіздігі де (тұтынудың сапасы мен зиянсыздығы тұрғысынан қауіпсіздік) өте маңызды. Сонымен қатар, құс өсіру жүйесінің негізгі байланысындағы артықшылықтар өзгереді, атап айтқанда: құс иммундық жүйенің дамуы, жақсы бейімделу және ет пен жұмыртқаның жоғары өнімділігі және т.б. сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Қазақстанда 2018 жылы 60-қа жуық құс фабрикасы болды, ет өндірісі шамамен 180 мың тоннаны құрады. Ал етке деген жалпы қажеттілік шамамен 300 мың тоннаны құрайды. Яғни, құс етіне нарықтың ішкі қажеттіліктерінің жартысынан көбін отандық өндірушілер алады. Мұндай импортқа тәуелді жағдай көптеген проблемалардың нәтижесінде пайда болды, соның ішінде:

- азықтық құрауыштың жоғары құнына байланысты;
- моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген жабдықтарды пайдалану.

Ағымдағы жағдайды шешу үшін, қажет болып табылатындар:

1. Техника мен арнайы жабдықты сатып алуға, ет және жұмыртқа бағытындағы шаруашылықтардың модульдік өндірістік конструкцияларын салуға байланысты қаржылық шығындардың бір бөлігін (30%) өтеу.

2. Құс шаруашылығы ұйымдарының инвестициялық қызметін жеңілдікпен субсидиялау (мөлшерлемесі жылдық 5%-ға дейін, мерзімі 20 жылдан кем емес).

3. Мемлекеттік резервте ғана емес, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қауымдастығында да жем-

дік астықтың тұрақтандыру қорларын қалыптастыру.

Көрсетілген шаралар арқылы Құс шаруашылығы мен жалпы ауыл шаруашылығы саласының дамуын тежейтін факторлардың әсерін барынша азайтуға болады.

Қазақстан экономикасының аграрлық саласы бүгінгі күні дағдарыста, бұл азық-түлік мәселелерін шешудің өзектілігін және өзінің аграрлық саясатын қайта қарауды ынталандырады. Дағдарыс аграрлық сектордың маусымдық өндіріс болып табылатындығымен және аграрлық сектордың I және III салаларының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің монополиялық саясатына объективті түрде қарсы тұра алмауымен байланысты. Елімізде уақтылы қабыл-данып жатқан алдын алу шаралары ішкі азық-түлік нарығында тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Өкінішке орай, біздің ауыл шаруашылығымыздың әлемдік нарықтағы әлсіздігі және әлемдік тенденциялардан жоғары осалдық сақталуда.

Тұжырымдар. 1. Шаруашылығына, оның ішінде құс шаруашылығына жүргізілген талдау нәтижесінде құс шаруашылығының кіші саласын дамыту мүмкіндіктері және оның өсу үрдісі айқындалды. Қазақстан ресми түрде 60-қа жуық құс фабрикасын иелене отырып, 180 мың тонна көлемінде құс етін өндіреді, ал өнімнің осы түріне ішкі қажеттілік шамамен 300 мың тоннаны құрайды. Ішкі қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін құс шаруашылығын дамыту қажет, осылайша құс өнімдерінің бірқатарындағы импорттық тәуелділікті азайту

қажет. Қазақстанның құс шаруашылығын дамытудағы проблемалар атап өтілді:

- азық компонентінің жоғары құны;
- моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген жабдықтарды пайдалану.

2. Құс шаруашылығының дамуын тежейтін факторлардың әсерін азайтуға болатын іс-шаралар ұсынылды:

- техника мен арнайы жабдықты сатып алуға, ет және жұмыртқа бағытындағы шаруашылықтардың модульдік өндірістік конструкцияларын салуға байланысты қаржылық шығындардың бір бөлігін (30%) өтеу;
- құс шаруашылығы ұйымдарының инвестициялық қызметін жеңілдікпен субсидиялау (мөлшерлемесі жылдық 5%-ға дейін, мерзімі 20 жылдан кем емес);
- мемлекеттік резервте ғана емес, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер қауымдастығында да жемдік астықтың тұрақтандыру қорларын қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

[1] Davis, K.F. Meeting future food demand with current agricultural resources / K.F. Davis // Global Environmental Change. - 2016. - Т. 39. - PP. 125–132.

[2] De Olde, E.M. Assessing sustainability at farm-level: Lessons learned from a comparison of tools in practice / E.M. De Olde// Ecological Indicators. - 2016. - Т. 66. - PP. 391-404.

[3] Gutzler, C. Agricultural land use changes—a scenario-based sustainability impact assessment for Brandenburg, Germany / C. Gutzler// Ecological indicators. - 2015. - Т. 48. - PP. 505–517.

[4] Minviel, J.J. Effect of public subsidies on farm technical efficiency: a meta-analysis of empirical results / J.J. Minviel, L. Latruffe // Applied Economics. - 2017.- Vol. 49.- №2.- PP. 213-226.

[5] Mogaji, K.A. Regional prediction of groundwater potential mapping in a multifaceted geology terrain using GIS-based Dempster–Shafer model / K.A. Mogaji, H.S. Lim, K. Abdullah // Arabian Journal of Geosciences. -2015. - Vol. 8. - № 5. - PP. 3235–3258.

[6] Попов, Н.А. Экономика сельского хозяйства / Н.А Попов.- М.: "Экмос", 2017.- 352 с.

[7] Ломакин, А.А. Устойчивое развитие сельских территорий как направление стратегии их функционирования /А.А.Ломакин, М.Ю. Федотова.– Пенза, 2016. – 240 с.

[8] Абдикадилова, А.А. Производственные инфраструктурные объединения в агропромышленном комплексе/ А.А. Абдикадилова, Ж.А. Дулатбекова, М.Ш. Кушенова

//Проблемы агрорынка.-2020.-N4.-С.118-124
<https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.14>.

[9] Азретбергенова, Г.Ж. Повышение экономической эффективности аграрного сектора в регионах Казахстана / Г.Ж. Азретбергенова, А.О. Сыздыкова, Б.Б. Бимендеев//Проблемы агрорынка. -2020.-N2.-С. 75-81.

[10] ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының сайты [Электрондық ресурсы]. - 2020. – URL: [https://stat.gov.kz/ official/dynamic](https://stat.gov.kz/official/dynamic) (қаралған күні: 8.01.2021).

References

[1] Davis, K.F. Meeting future food demand with current agricultural resources / K.F. Davis // Global Environmental Change. - 2016. - Т. 39. - PP. 125–132.

[2] De Olde, E.M. Assessing sustainability at farm-level: Lessons learned from a comparison of tools in practice / E.M. De Olde// Ecological Indicators. - 2016. - Т. 66. - PP. 391–404.

[3] Gutzler, C. Agricultural land use changes—a scenario-based sustainability impact assessment for Brandenburg, Germany / C. Gutzler// Ecological indicators.- 2015. - Т. 48. - PP. 505–517.

[4] Minviel, J.J. Effect of public subsidies on farm technical efficiency: a meta-analysis of empirical results / J.J. Minviel, L. Latruffe // Applied Economics.- 2017.- Vol. 49.- №2.- PP. 213-226.

[5] Mogaji, K.A. Regional prediction of groundwater potential mapping in a multifaceted geology terrain using GIS-based Dempster–Shafer model / K.A. Mogaji, H.S. Lim, K. Abdullah // Arabian Journal of Geosciences. -2015. - Vol. 8. - № 5. - PP. 3235–3258.

[6] Попов, Н.А. Agricultural Economics /N.A. Popov. - М.: "Ekmos", 2017.-352 p.

[7] Lomakin, A.A. Sustainable development of rural areas as a direction of their functioning strategy / A.A. Lomakin, M.Yu. Fedotova. - Penza, 2016. - 240 p.

[8] Abdikadirova, A.A. Industrial infrastructural associations in agri-industrial complex / A.A. Abdikadirova, J.A. Dulatbekova, M.Sh. Kushenova // Problems of AgriMarket.-2020.N4.-PP.118-124 <https://doi.org/10.46666/2020-4-2708-9991.14>.

[9] Azretbergenova, G.Zh. Increase of economic efficiency of agricultural sector in the regions of Kazakhstan / G.Zh. Azretbergenova, A.O. Syzdykova, B.B. Bimendeev // Problems of AgriMarket. -2020.-N2.-PP. 75-81.

[10] Website of the National Statistics Bureau of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the RK [Electronic resource].-2020.- URL: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (date of access: 8.01.2021).

Авторлар туралы ақпарат:

Қожабаева Сауле Аманкелдіқызы; экономика ғылымдарының кандидаты; "Экономика" кафедрасының доценті; Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті; Нұр-сұлтан қ., 010000 Жұбанов көшесі 7, Қазақстан; s_kozhabayeva@kuef.kz; <https://orcid.org/0000-0002-4586-4465>

Бақтымбет Әсем Серікқызы; экономика ғылымдарының кандидаты, доцент; "Экономика" кафедрасының меңгерушісі; Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті; Нұр-сұлтан қ., 010000 Жұбанов көшесі 7, Қазақстан; a_baktymbet@kuef.kz; <https://orcid.org/0000-0002-8441-7182>

Information about the authors:

Kozhabayeva Saule Amankeldievna; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of «Economics»; Kazakh University of Economics, Finance and International Trade; Nur-Sultan, 010000 Zhubanova str. 7, Kazakhstan; s_kozhabayeva@kuef.kz; <https://orcid.org/0000-0002-4586-4465>

Baktymbet Asem Serikovna; Candidate of Economic Sciences, Associate Professor; Head of the Department of Economics; Kazakh University of Economics, Finance and International Trade; Nur-Sultan, 010000 Zhubanova str. 7, Kazakhstan; a_baktymbet@kuef.kz; <https://orcid.org/0000-0002-8441-7182>

Информация об авторах:

Кожабеева Сауле Аманкельдиевна; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Экономика»; Казахский университет экономики, финансов и международной торговли; г.Нур-Султан, 010000 ул.Жубанова 7, Казахстан; s_kozhabayeva@kuef.kz; <https://orcid.org/0000-0002-4586-4465>

Бақтымбет Асем Сериковна; кандидат экономических наук, доцент; заведующая кафедрой «Экономика»; Казахский университет экономики, финансов и международной торговли; г.Нур-Султан, 010000 ул.Жубанова 7, Казахстан; a_baktymbet@kuef.kz; <https://orcid.org/0000-0002-8441-7182>